3 Шег

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Мамыр айы 2026 жыл 3 апта**

**Білім беру ұйымы:** №26 «Үміт» Бөбекжай-балабақшасы
**Топ: ортаңғы топ** «Балбөбек» Балалардың жасы-3
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 18.05-22.05.26 ж.
**Тәбиешілері:** Аминова А . Наурзалина Н.Қ.
**Мамыр– Бірлік және ынтымақ айы**
**Дәйек сөз:** «Досың көп болса, күшің көп..»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 18.05.2026 ж | Сейсенбі 19.05.2026 ж | Сәрсенбі 20.05.2026 ж | Бейсенбі 21.05.2026 ж | Жұма 22.05.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй кұмбірі: «Балбырауын»** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>**Коммуникативтік дағды**<br>**Ойын:** «Ертегіні жалғастыр»<br>**Шарты:** Тәрбиеші бастап, бала жалғастырып айтады. | **анымдық дағды**<br>**Ойын:** «Пішінді тап»<br>**Шарты:** Дөңгелекті тауып көрсетеді. | **Қимыл дағдысы**<br>**Ойын:** «Көпірден өт» **Шарты:** Еденге ұзын сызық (көпір) сызылады. Балалар кезекпен сол сызықтың бойымен құламай жүріп өтеді. Тәрбиеші «оңға бұрыл», «солға бұрыл» деген нұсқаулар береді. | **Коммуникативтік дағды**<br>**Ойын:** «Дыбысты дұрыс айт» **Шарты:** Тәрбиеші айна арқылы дыбыстың айтылуын көрсетеді. Балалар «қоян, күн, өрік» сияқты сөздерді қайталайды. Кейін жаңылтпаш баяу айтылып, балалар қайталайды. | **Танымдық дағды**<br>**Ойын:** «Салыстыр да айт»<br>**Шарты:** Балаларға екі түрлі зат беріледі (таяқша, лента). Бала қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін айтып көрсетеді. Тәрбиеші «қайсысы артық?» деп сұрайды. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Картотека №9 №10 №11 №12 №13** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аудару орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Музыка.** Жетекші жоспарымен | **Дене тәрбиесі.** Жетекші жоспарымен | **Дене тәрбиесі.** Жетекші жоспарымен | **Қазақ тілі**<br><br>**Тақырыбы:** | **Ұлттық ойын:** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дене тәрбиесі.**<br>Жетекші жоспарымен | | | **«Ертегіні айтып береміз»**<br>Балаларды таныс ертегілердің мазмұнын өздігінен қайталап айтуға үйрету. Оқиғаны ретімен жеткізіп, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. | «Асық ату»<br><br>«Шаңырақ»<br><br>**Қимылды ойындар**<br>«Кім жылдам?». «Қояндар мен қасқыр» |
| **Дәйек сөз:** *«Жақсылық жасасаң – өзіңе қайтады»*<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту «Жақсы әрекет»**<br>Балаларға жақсы және жаман әрекеттер бейнеленген суреттер ұсынылады. Балалар оларды салыстырып, жақсы әрекетті таңдап, себебін түсіндіреді. Мнемокесте арқылы сөйлем құрастыру жұмысы жүргізіледі: «бала – көмектесті», «дос – жанында – отыр». Балалар тірек-сызбаға сүйене | «Досыма көмектесемін»<br>**Коммуникативтік дағды** сөйлеуді **дамыту** «Көмектесу»<br>Балаларға нақты өмірлік жағдаяттар ұсынылады: «досың құлап қалды», «зат түсіп кетті», «ойыншықты ала алмай тұр». Балалар сол жағдайдан шығу жолын айтып, өз әрекетін түсіндіреді. Мнемокесте арқылы сөйлем құрастыру жұмысы жүргізіледі: «мен – досыма – көмектестім», «досым – жанында – | «Жақсылық бөлісеміз»<br>**Коммуникативтік дағды**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>«Бөлісу»<br>Балаларға «бөлісу» ұғымы нақты әрекет арқылы түсіндіріледі: балалар ойыншықтарды бір-біріне ұсынып, «ал», «саған», «мен бердім» деп сөйлем құрайды.<br>Mind map (ой картасы) арқылы «жақсылық» ұғымы кеңейтіледі: көмектесу, бөлісу, | «Біз мейірімдіміз»<br>Коммуникативтік дағды<br>Сөйлеуді дамыту<br>«Мейірімділік»<br>Балалар өз өмірінен мысал келтіріп, «мен қандай жақсылық жасадым?» тақырыбында әңгімелейді.<br>Debate элементі енгізіледі: тәрбиеші екі әрекет ұсынады, балалар қайсысы дұрыс екенін дәлелдейді.<br>Байланыстырып сөйлеу, толық сөйлем құрастыру дағдылары бекітіледі. | «Жақсылық мерекесі»<br>Коммуникативтік дағды<br>Тіл дамыту<br>«Қорытынды әңгіме»<br>Балалар апта бойы жасаған жақсылықтары туралы әңгімелейді. Storytelling әдісі арқылы «Мен қандай жақсылық жасадым?» тақырыбында қысқа әңгіме құрайды.<br>Тәрбиеші балалардың сөйлеуін бағыттап, толық сөйлем құрастыруға көмектеседі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлемдер құрайды.<br>Дыбыстық жаттығулар барысында с-з, ж-ш дыбыстары анық айтылып, жаңылтпаштар арқылы сөйлеу қарқыны (баяу, жылдам) жаттықтырылады.<br>TRIZ элементі: «Егер ешкім ешкімге көмектеспесе не болады?» деген сұрақ арқылы балалардың ойлау қабілеті дамытылады.<br>(әдіс-тәсіл: сұрақ-жауап, талдау, салыстыру, мнемокесте, проблемалық сұрақ; технология: дамыта оқыту, мнемотехника, TRIZ)<br><br>**Көркем әдебиет «Жақсылық туралы ертегі»**<br>Тәрбиеші ертегіні мәнерлеп оқиды. | тұр». Балалар тірек-сызбаға қарап толық сөйлем құрайды.<br>Көмекші сөздер (үстінде, астында, жанында, артында) белсенді колданылады.<br>Дыбыстық жаттығулар барысында п-б, т-д дыбыстары анық айтылып, жаңылтпаш арқылы сөйлеу қарқыны (баяу-жылдам) реттеледі.<br>TRIZ элементі: «Егер сен көмектеспесең не болады?» – балалар ойларын еркін жеткізеді.<br>(әдіс-тәсіл: жағдаяттық тапсырма, сұрақ-жауап, мнемокесте; технология: TRIZ, дамыта оқыту, мнемотехника)<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Көмекші кейіпкер»<br>Тәрбиеші қысқа | жылы сөз айту.<br>Балалар әр тармаққа мысал келтіреді.<br>Мнемокесте арқылы сөйлем құрастыру жалғасады: «мен – досыма – бердім», «бала – ойыншық – берді».<br>Дыбыстық жаттығулар жүргізіледі (с-з, ж-ш), жаңылтпаш айту арқылы сөйлеу қарқыны реттеледі.<br>(әдіс-тәсіл: тәжірибе, әңгімелету, мнемокесте; дамыта оқыту, мнемотехника)<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Менің ертегім»<br>Балаларға «жақсылық жасаған бала» туралы қысқа әңгіме ұсынылады. Одан кейін storytelling әдісі арқылы балалар өз ертегісін | (әдіс-тәсіл: әңгімелету, талдау; технология: сыни ойлау, дамыта оқыту)<br><br>Көркем әдебиет «Сахналау»<br>Балалар таныс ертегіні рөлдерге бөліп сахналайды.<br>Кейіпкердің көңіл-күйін дауыс, қимыл арқылы жеткізеді.<br>(технология: театрландырылған ойын)<br><br>Қазақ тілі «Еркін сөйлеу»<br>Балалар өз ойын еркін жеткізеді, сұрақтарға толық жауап береді.<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту жалғасады.<br>(технология: коммуникативтік, тілдік орта)<br><br>Танымдық дағды<br>Математика негіздері «Салыстыру» | (әдіс-тәсіл: әңгімелету, сұрақ-жауап; технология: storytelling, дамыта оқыту)<br><br>Көркем әдебиет «Ертегі сахналау»<br>Балалар өздері таңдаған ертегіні сахналайды.<br>Рөлдерді бөліп, өздігінен ұйымдастырады.<br>Кейіпкердің эмоциясын жеткізуге тырысады.<br>(технология: театрландырылған ойын)<br><br>Қазақ тілі «Тақпақ айту»<br>Балалар апта бойы үйренген тақпақтарын өздігінен айтады.<br>Дыбыстарды дұрыс айту, сөйлеу анықтылығы бекітіледі.<br>(технология: тілдік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар кейіпкерлердің іс-әрекетін талдайды, «қай кейіпкер жақсы әрекет жасады?» деген сұрақтарға жауап береді.<br>Одан кейін ертегі мазмұны мнемосызба арқылы қайта құрылып, балалар ретімен айтып шығады.<br>Соңында балалар рөлдерге бөлініп, сахналау ұйымдастырылады, эмоция, дауыс ырғағы, қимыл арқылы кейіпкер бейнесін жеткізеді.<br>(әдіс-тәсіл: мәнерлеп оқу, талдау, мнемосызба, сахналау; технология: театрландырылған ойын, storytelling, Реджо Эмилия)<br><br>**Қазақ тілі «Сыпайы сөздер»**<br>Балаларға «рахмет», | ертегіні мәнерлеп оқиды. Балалар кейіпкерлердің әрекеттерін талдайды, «кім дұрыс жасады?» деген сұраққа жауап береді. Storytelling әдісі арқылы ертегіні жалғастыру ұсынылады: «ары қарай не болады?» Балалар рөлдерге бөлініп, сахналау арқылы кейіпкерлердің эмоциясын жеткізеді. (әдіс-тәсіл: әңгімелеу, талдау, сахналау; технология: storytelling, театрландырылған ойын)<br><br>**Қазақ тілі** «Көмек сөздері»<br>Балалар «көмектестім», «бердім», «алдым» сөздерін қолдана отырып, жай сөйлемдер құрайды. | құрастырады: кейіпкер, әрекет, нәтиже.<br>Тәрбиеші бағыт беріп, балалар кезекпен жалғастырып айтады.<br>Соңында шағын сахналау ұйымдастырылады.<br>(әдіс-тәсіл: әңгімелеу, құрастыру, сахналау; технология: storytelling, театрландырылған ойын)<br><br>**Қазақ тілі** «Алғыс айту»<br>Балалар «рахмет», «саған сыйлық», «ал» сөздерін қолданып, қарапайым диалог құрады.<br>Қазақ тіліне тән дыбыстар (ә, ө, ү, ұ) сөз ішінде қайталанады. | Балалар заттарды ұзын-қысқа, үлкен-кіші, биік-аласа бойынша салыстырады.<br>Кеңістікте бағдарлау (оң-сол) бекітіледі.<br>(технология: Монтессори) | орта)<br><br>Танымдық дағды Математика негіздері «Қайталау және бекіту»<br>Балалар санау (1–5), салыстыру, кеңістікте бағдарлау тапсырмаларын орындайды.<br>«Қанша?», «қайсысы көп?» сұрақтарына жауап береді.<br>(технология: дамыта оқыту, Монтессори) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «өтінемін»,<br>«кешіріңіз» сөздерінің мағынасы түсіндіріледі және оларды сөйлеуде қолдану жаттықтырылады.<br>Қазақ тіліне тән дыбыстар (ә, ө, ү, ұ) жеке-жеке айтылып, сөз ішінде бекітіледі.<br>Жуан және жіңішке сөздер салыстырылады.<br>Балалар жұппен диалог құрып, сыпайы сөйлесу үлгісін көрсетеді.<br>(әдіс-тәсіл: қайталау, диалог, жаттықтыру; технология: коммуникативтік, Монтессори – еркін тілдік орта)<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері «Жақсылықты санаймыз»**<br>Балалар жақсы әрекеттер бейнеленген карточкаларды санайды (1–5). | Қазақ тіліне тән дыбыстар (ә, ү, ұ) сөз ішінде қайталанып бекітіледі.<br>Жуан және жіңішке сөздерді ажырату жұмысы жүргізіледі.<br>Жұптық диалог: «Саған көмектесейін бе?» – «Иә, көмектес».<br>(әдіс-тәсіл: диалог, қайталау; технология: коммуникативтік, Монтессори)<br><br>**Танымдық дағды Математика негіздері**<br>«Салыстырамыз»<br>Балалар заттарды салыстырады: үлкен-кіші, кең-тар, ұзын-қысқа.<br>Заттарды қосу және алу арқылы тең және тең емес топтарды анықтайды.<br>«Қайсысы көп?», «қайсысы аз?», «тең бе?» сұрақтарына | Жуан және жіңішке сөздерді ажырату жұмысы жүргізіледі.<br>(әдіс-тәсіл: диалог, қайталау; технология: коммуникативтік, тілдік орта)<br><br>**Танымдық дағды Математика негіздері** «Қосу-алу арқылы салыстыру»<br>Балалар заттарды қосу және алу арқылы салыстырады.<br>Мысалы: «бір ойыншық бердім – қанша қалды?»<br>1–5 дейін санау бекітіледі.<br>Заттарды жұппен салыстыру, тең және тең емес топтарды анықтау.<br>(әдіс-тәсіл: практикалық жұмыс, санау; технология: дамыта оқыту, Монтессори) | | |

| | |
|---|---|
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет е дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәден гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азама біртұтас тәрбие бағдарламасы** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Қанша?», «нешінші?» сұрақтарына жауап береді. Заттарды салыстырады: қайсысы көп, қайсысы аз, тең бе. Ұзын-қысқа ұғымдары нақты заттармен (таяқша, жолақ) салыстырылады. (әдіс-тәсіл: санау, салыстыру, топтастыру; технология: Монтессори, дамыта оқыту) | жауап береді. Нақты материалдармен жұмыс жүргізіледі. (әдіс-тәсіл: салыстыру, практикалық әрекет; технология: Монтессори, дамыта оқыту) | | | | |
| **2-ші таңғы ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | | |
| **Серуен** | Мамыр айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған<br>**Картотека №9 №10 №11 №12 №13** | | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Әлеуметтік дағды<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**«Жақсылық пен тәртіп»**<br>Балалармен бірге топтағы мінез-құлық ережелері талқыланады.<br>Жағдаяттық тапсырмалар беріледі: «егер досың ойыншығын бермесе не істейсің?»<br>Балалар өз шешімдерін айтады.<br>Қауіпсіздік ережелері (заттарды ауызға салмау, итермеу) бекітіледі.<br>(әдіс-тәсіл: әңгімелесу, жағдаяттық талдау; технология: TRIZ, өмірлік дағды қалыптастыру)<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу «Жақсы іс»** | **Әлеуметтік дағды**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>«Серуендегі қауіпсіздік»<br>Балаларға серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелері түсіндіріледі: жолға шықпау, құмды шашпау, заттарды ауызға салмау.<br>Жағдаяттық тапсырмалар ұсынылады: «егер досың жолға шықса не істейсің?»<br>Балалар дұрыс шешім қабылдауға үйренеді.<br>(әдіс-тәсіл: әңгімелесу, жағдаяттық талдау; технология: қауіпсіздік, case study, өмірлік дағды)<br><br>**Шығармашылық дағды**<br>**Сурет салу «Көмек көрсету»**<br>Балалар көмектесу | **Әлеуметтік дағды**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>«Табиғаттағы тәртіп»<br>Балаларға табиғаттағы дұрыс мінез-құлық түсіндіріледі: қоқыс тастамау, өсімдікті жұлмау, жануарларға зиян келтірмеу.<br>Жағдаяттық тапсырма: «егер сен гүлді жұлсаң не болады?»<br>Балалар өз ойларын айтып, қорытынды жасайды.<br>(әдіс-тәсіл: әңгімелесу, талдау; технология: экологиялық тәрбие, TRIZ)<br><br>Шығармашылық дағды<br>Сурет салу «Сыйлық»<br>Балалар сыйлық немесе гүл бейнесін салады. Бейнені қағаз бетіне дұрыс орналастыру, түстерді үйлестіру дағдылары бекітіледі.<br>(технология: арт-терапия, Реджо Эмилия) | **Әлеуметтік дағды**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>«Қауіпсіздік»<br>Балалармен бірге топтағы, серуендегі және ойын кезіндегі қауіпсіздік ережелері қайталанады.<br>Жағдаяттық тапсырмалар беріледі: «егер досың құмды шашса не істейсің?», «жолға шықса не болады?»<br>Балалар дұрыс шешім қабылдап, өз ойларын дәлелдейді.<br>(әдіс-тәсіл: әңгімелесу, жағдаяттық талдау; технология: өмірлік дағды, қауіпсіздік, TRIZ)<br><br>Шығармашылық дағды<br>Сурет салу «Еркін тақырып» | **Әлеуметтік дағды**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>«Қауіпсіздік қорытындысы»<br>Балалар барлық қауіпсіздік ережелерін қайталайды.<br>Рефлексия жүргізіледі: «Қай ереже маңызды?», «Неге сақтау керек?»<br>Балалар өз ойларын айтады.<br>(әдіс-тәсіл: қорытындылау, әңгімелесу; технология: рефлексия, өмірлік дағды)<br><br>Шығармашылық дағды<br>Сурет салу «Еркін шығармашылық»<br>Балалар өз ойынан сурет салады, шығармашылық еркіндік беріледі.<br>(технология: арт-терапия)<br><br>Мүсіндеу «Еркін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Балалар өз тәжірибесіне сүйене отырып, жақсылық жасаған сәтті бейнелейді.<br>Қылқаламды дұрыс ұстау, түстерді үйлестіру үйретіледі.<br>(технология: арт-терапия, Реджо Эмилия – еркін шығармашылық)<br>**Мүсіндеу «Доска сыйлық»**<br>Балалар ермексаздан қарапайым сыйлық пішіндерін жасап, бөліктерін біріктіреді.<br>(технология: Монтессори, моторика дамыту)<br>**Жапсыру «Жақсылық гүлі»**<br>Геометриялық пішіндерден гүл құрастырып, ортасына және бұрыштарына орналастырады. | әрекетін бейнелейтін сюжеттік сурет салады.<br>Бейнені парақ бетіне дұрыс орналастыру, түстерді үйлестіру үйретіледі.<br>(технология: арт-терапия, Реджо Эмилия)<br><br>**Мүсіндеу «Доска сыйлық»**<br>Балалар ермексаздан қарапайым зат жасап, бөліктерін біріктіреді.<br>Домалақтау, созу, қысу тәсілдері қолданылады.<br>(технология: Монтессори, моторика дамыту)<br><br>**Жапсыру «Өрнек»**<br>Геометриялық пішіндерді ретімен орналастырып, композиция құрастырады.<br>Желімді дұрыс қолдану дағдылары | Мүсіндеу «Композиция»<br>Балалар бірнеше ұсақ пішіндер жасап, оларды біріктіріп композиция құрайды.<br>(технология: шығармашылық, Монтессори)<br><br>Жапсыру «Гүл»<br>Геометриялық пішіндерден гүл құрастырады.<br>Элементтерді дұрыс орналастыруға үйренеді.<br>(технология: көркем еңбек)<br><br>Құрастыру «Сыйлық корабы»<br>Балалар құрылыс материалдарынан корап құрастырады.<br>Кеңістікте дұрыс орналастыру дағдылары дамиды.<br>(технология: STEM, LEGO)<br><br>**Вариативтік бөлім**<br>Қуыршақ театры:«Үйшік ертегісі» | Балалар өз қалауы бойынша сурет салады (жақсылық әрекеттері).<br>Түстерді үйлестіру, бейнені парақ бетіне дұрыс орналастыру дағдылары бекітіледі.<br>(технология: арт-терапия, Реджо Эмилия – еркін шығармашылық)<br><br>Мүсіндеу «Ұжымдық жұмыс»<br>Балалар жеке жасаған бөлшектерді біріктіріп, ортақ композиция құрайды.<br>(технология: шығармашылық, ынтымақтастық)<br><br>Жапсыру «Ортақ композиция»<br>Балалар бірігіп үлкен композиция жасайды (гүл, | жұмыс»<br>Балалар өз қалауы бойынша бұйым жасайды.<br>(технология: шығармашылық)<br><br>Жапсыру «Композиция»<br>Балалар пішіндерді пайдаланып композиция құрастырады.<br>(технология: көркем еңбек)<br><br>Құрастыру «Үлкен жоба»<br>Балалар бірігіп үлкен құрылыс жасайды, нәтижесін бірге бағалайды.<br>(технология: STEM, LEGO, жобалау әдісі) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (технология: көркем еңбек, конструктивтік ойлау)<br>**Құрастыру «Достар үйі»**<br>Балалар бірлесіп үй құрастырады, кеңістікте дұрыс орналастыру дағдылары дамиды.<br>(технология: STEM, LEGO, Реджо Эмилия) | бекітіледі.<br>(технология: көркем еңбек, конструктивтік ойлау)<br><br>**Құрастыру**<br>«Көмек алаңы»<br>Балалар құрылыс материалдарынан ойын алаңын құрастырады. Бөлшектерді дұрыс орналастыру, кеңістікті бағдарлау дағдылары дамиды.<br>(технология: STEM, LEGO, Реджо Эмилия) | Мақсаты: Саусақтарын ойната отырып есте сақтау қабілетін, тілін дамыту. | өрнек).<br>(технология: көркем еңбек, топтық жұмыс)<br><br>Құрастыру «Топтық жоба»<br>Балалар бірігіп үлкен құрылыс (алаң, үй) жасайды.<br>(технология: STEM, LEGO, Реджо Эмилия) | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Медина мен Айкөркем **Сөйлеуді дамыту:** «к-қ» дыбыстарын айту | Томирис пен Әли Сөйлеуді **дамыту:** «т-д» дыбыстары<br>**Сөздік қор:** тұсау кесу дәстүрі сөздерін қайталау | Ибрахим мен Әлімжан **Сөйлеуді дамыту:** «ж-ш» дыбыстарын ажырату | Саида мен Раяна<br>Қазақ тілі:<br>– «қ, ү, ө» дыбыстары бар сөздерді қайталау<br>Сөздік қор: Тақпақ жаттау | Ерасыл мен Расул<br>Сөйлеуді дамыту:<br>– «ұ» дыбысын анық айту |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | «Допты домалат» **Шарты:** Балалар бір-біріне допты домалатып береді. | «Көпірден өт» **Шарты:** Балалар сызық бойымен тепе-теңдікті сақтап жүреді. | «Құстар ұшады» **Шарты:** «Ұшты» дегенде қолдарын көтереді, ұшпайтын зат айтылса – қозғалыссыз тұрады. | «Сақина салу» **Шарты:** Бір бала сақинаны жасырып береді, қалғандары кімде екенін табады. | «Тышқан мен мысық» **Шарты:** Тышқан қашады, мысық ұстап алуға тырысады. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Дид ойын: «Қай мезгілде болады?» «Ұлттық тағамдар» | Сюжетті рөлдік ойындар ұйымдастыру. «Шаштараз» «Аспаз» | Ертегі оқып беру. «Мақта қыз бен мысық» | Өлең жолдарын жаттау. «Біз бақытты баламыз» | Суретті субояқтар бояу. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | «Дәріхана» | «Қай мамандық?» | | таласқан хайуанаттар» | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |